

Осы Келісімнің мақсаттары үшін келтірілген төмендегі терминдер мынаны білдіреді :

"Тараптар" - осы Келісімге қатысушы мемлекеттер;

"мүше-мемлекеттер" - Ұйымға мүше-мемлекеттер;

"Кеңес" - Ұйым Жарғысының IV-тарауына сәйкес құрылған Ұжымдық қауіпсіздік кеңесі ;

"мекендеу мемлекеті" - Ұйым Хатшылығы орналасатын немесе іс-шара өткізілетін аумақтағы мүше-мемлекет ;

"Ұйым органдары" - Ұжымдық қауіпсіздік кеңесі, Сыртқы істер министрлерінің кеңесі, Қорғаныс министрлерінің кеңесі, Ұйымға мүше-мемлекеттер Қауіпсіздік кеңесі хатшыларының комитеті ;

"мүше-мемлекеттердің өкілдері" - Ұйым шеңберінде өткізілетін іс-шараларға қатысатын делегациялардың басшылары мен мүшелерін қоса алғанда Ұйымға мүше-мемлекеттердің өкілдері ;

"Хатшылық" - Ұйымның тұрақты әрекет ететін жұмысшы органы;

"Бас хатшы" - Кеңес тағайындайтын, Хатшылықты басқаратын Ұйымның жоғары әкімшілік лауазымды тұлғасы ;

"лауазымды тұлғалар" - тізбесін Кеңес анықтайтын, әрбір мүше-мемлекетке бекітіліп берілген лауазымдар квотасына сәйкес Ұйымға мүше-мемлекеттердің ұсынуы бойынша Ұйым шеңберінде белгіленген тәртіпте бекітілген тұлғалар;

"қызметкерлер" - Ұйым шеңберінде мамандар ретінде олармен жасалған шарттар негізінде жұмыс істейтін тұлғалар ;

"Ұйым үй-жайлары" - Ұйымның ресми мақсаттары үшін пайдаланылатын және Ұйымға мекендеу мемлекеті ұсынған барлық үй-жайлар, ғимараттар немесе ғимараттардың бөлігі ;

"отбасы мүшелері" - Ұйымның Бас хатшысының, лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің күйеуі (зайыбы), кәмелетке толмаған балалары және асырауындағы адамдар;

I. Ұйымның құқықтық қабілеттілігі, артықшылықтары мен иммунитеттері

2-бап

Ұйым әрбір мүше-мемлекеттің аумағында Ұйым Жарғысына сәйкес оның мақсаттарын іске асыру үшін қажетті құқықтық қабілеттілікті пайдаланады.

3-бап

Ұйымның мүлігі мен активтеріне қол сұғылмайды. Олар Ұйымның өзі иммунитеттен бас тартқан жағдайларды қоспағанда, әкімшілік немесе соттық қол сұғудың кез келген түрінен иммунитетті пайдаланады.

Ұйымның үй-жайы, сондай-ақ оның мұрағаттары мен құжаттары, соның ішінде қызметтік хат-хабарлар орналасқан орнына қарамастан тінтуге, реквизициялауға, тәркілеуге немесе қол сұғудың кез келген басқа түріне жатпайды.

Мекендеу мемлекетінің тиісті билік және басқару органдарының өкілдері Бас хатшының немесе оны алмастыратын адамның келісімінсіз Ұйымның үй-жайына кіре
а л м а й д ы .

Мекендеу мемлекетінің тиісті билік және басқару органдарының шешімі бойынша кез келген іс-қимылдарды орындау Ұйымның үй-жайларында тек Бас хатшының немесе оны алмастыратын адамның келісімімен ғана орын алуы мүмкін.

Ұйымның үй-жайы Тараптардың бірінің заңы бойынша іздестіруде жүрген немесе мүше-мемлекетке не үшінші тарапқа ұстап беруге жататын адамдарға баспана бола
а л м а й д ы .

Ұйым үй-жайларының қол сұғылмаушылығы оларды Ұйымның функцияларымен сәйкес келмейтін немесе Тараптардың қауіпсіздігіне, жеке немесе заңды тұлғалардың мүдделеріне залал келтіретін мақсаттарға пайдалануға құқық бермейді.

Мекендеу мемлекеті Ұйымның үй-жайларын барлық басып кірулерден және залал келтіруден қорғау үшін тиісті шаралар қабылдайды.

4-бап

Ұйым мүше-мемлекеттерде қызмет көрсетудің (қызметтің) нақты түрлеріне төлеуді қоспағанда, тікелей салықтар мен алымдардан, баждар мен басқа да төлемдерден
б о с а т ы л а д ы .

Ұйымның ресми пайдалануына арналған заттар мен өзге де мүліктер мүше-мемлекеттерде бұл үшін белгіленген жерлерден тыс немесе тиісті кедендік органның және осыған ұқсас қызмет көрсету түрінің жұмыс уақытынан тыс тасымалдау, сақтау, кедендік ресімдеу үшін алымдарды қоспағанда, өзге халықаралық ұйымдар үшін көзделген тәртіпте кедендік баж, салықтар салудан және осымен байланысты алымдардан босатылады. Оларды басқа мақсаттарда пайдалану, соның ішінде оларды сату немесе пайдалануға беру мекендеу мемлекетінің заңнамасына сәйкес кедендер төлемдерді төлеуге және басқа да талаптарды орындауға әкеліп соғады .

5-бап

Ұйым өзінің ресми байланыс құралдарына қатысты мекендеу мемлекеті дипломатиялық миссияларға ұсынатын жағдайдан қолайлырақ жағдайларды пайдаланады.

6-бап

Ұйым Ұйымның жалауын, эмблемасын немесе басқа да рәміздерін ол орналасқан үй-жайларда іліп қоюына және оларды қызметтік автокөлік құралдарында пайдалануына болады.

7-бап

Ұйым мүше-мемлекеттердің заңнамаларын сақтай отырып, өзінің мақсаттары мен функцияларына сәйкес жариялануы оның органдарының шешімдерімен көзделген баспа өнімдерін шығарады және таратады.

8-бап

Мекендеу мемлекеті шаруашылық шарттардың негізінде Ұйым бюджетінің қаражаттары есебінен оның функцияларын жүзеге асыру үшін қажетті үй-жайлармен қамтамасыз етуде Ұйымға көмек көрсетеді.

9-бап

Ұйым осы Келісімде көзделген артықшылықтар мен иммунитеттерге байланысты кез келген теріс пайдаланудың алдын алу мақсатында мүше-мемлекеттердің билік және басқару органдарымен тұрақты ынтымақтастықты жүзеге асырады.

II. Ұйым Бас хатшысының, лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің артықшылықтары мен иммунитеттері

10-бап

Ұйымның Бас хатшысы, лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері халықаралық қызметкерлер болып табылады және Тараптардың билік органдарынан немесе ресми тұлғаларынан нұсқаулар сұрауға немесе алуға тиіс емес.

Әрбір Тарап Ұйымның Бас хатшысы, лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері функцияларының халықаралық сипатын мүлтіксіз құрметтеуге және оларға ықпал етпеуге міндеттенеді.

11-бап

Бас хатшы, онымен бірге тұратын оның отбасы мүшелері, егер мекендеу мемлекетінің азаматтары болып табылмаса, 1961 жылғы 18 сәуірдегі Дипломатиялық қатынастар туралы Вена конвенциясымен көзделген көлемде артықшылықтар мен иммунитеттерді пайдаланады.

12-бап

Ұйымның лауазымды тұлғалары және мекендеу мемлекетінде олармен бірге тұратын отбасы мүшелері:

а) айтылған немесе жазылған және лауазымды тұлғалар ретінде жасалған істері үшін қылмыстық, азаматтық және әкімшілік жауапқа тартылмайды;

б) жалақысына және Ұйым төлейтін өзге де сыйлық ақыларына салық салудан босатылады;

в) барлық міндетті мемлекеттік борыштылықтан босатылады;

г) иммиграция жөніндегі шектеуден және шетел азаматтары ретінде тіркеуден босатылады;

д) бастапқы шұғылдануға арналған заттар мен өзге де мүліктер үшін белгіленген жерлерден тыс немесе тиісті кедендік органның және осыған ұқсас қызмет көрсету түрінің жұмыс уақытынан тыс тасымалдау, сақтау, кедендік ресімдеу үшін алымдарды қоспағанда, кедендік баж, салықтар салудан және осымен байланысты алымдардан босатылады. Айтылған заттар мен мүліктерді өзге мақсаттарға пайдалану, соның ішінде сату, пайдалануға беру кедендік төлемдерді төлеуге және мекендеу мемлекетінің заңнамасына сәйкес басқа да талаптарды орындауға әкеліп соғады;

е) халықаралық дағдарыс кезінде дипломатиялық өкілдер пайдаланатын оралу жөніндегі жеңілдіктерді пайдаланады.

"б", "г", "д", "е" тармақтары мекендеу мемлекеттерінің азаматтары болып табылатын немесе онда тұрақты тұратын лауазымды тұлғалар мен олардың отбасы мүшелеріне таралмайды.

Ұйымның лауазымды тұлғалары мен олардың мекендеу мемлекетінің азаматтары болып табылатын отбасы мүшелері, егер Ұйымның өтініші бойынша мекендеу мемлекетінің құзыретті органдары аталған тұлғаларға қажетті уақытша кейінге қалдыруды ұсынған жағдайда әскери борыштылықтан босатылады.

13-бап

Ұйымның Бас хатшысы, лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері ғылыми, шығармашылық және оқытушылық қызметтерді қоспағанда, жеке басының немесе өзге адамдардың мүддесі үшін коммерциялық немесе кез келген басқа қызметпен

Осы Келісімнің 11 және 12-тармақтарына сәйкес мекендеу мемлекетінде салық салудан босатылған адамдар, егер олар осы бапта аталған қызметтерден табыс алатын болса, ондай қызметтерден алатын жиынтық табысын декларацияда көрсетеді және мекендеу мемлекетінің заңнамасына сәйкес оған салық төлейді.

14-бап

Ұйымның Бас хатшысы, лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері кез келген көлік құралдарын пайдаланумен байланысты үшінші адамның денсаулығы мен мүлкіне келтірілуі мүмкін залалдан сақтандыруға қатысты мекендеу мемлекетінің заңнамасында көзделген талаптарды сақтауы тиіс.

15-бап

Ұйымның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері мыналарды ұсыну жағдайларынан басқа, олардың қызметтік міндеттерін тікелей орындау кезінде жасайтын іс-қимылдарына қатысты мекендеу мемлекетінің юрисдикциясына жатпайды :

а) Ұйымға, лауазымды тұлғаға немесе қызметкерге, оны басқаратын адамға тиесілі көлік құралдарынан туындаған жол-көлік оқиғасына байланысты залалдың орнын т о л т ы р у т а л а п а р ы з д а р ы н ;

б) қайтыс болуына немесе дене жарақатына, лауазымды тұлға немесе қызметкер тарапынан туындаған іс-қимылдарға байланысты талап арыздарды.

Мекендеу мемлекетінің азаматтары болып табылмайтын Ұйым қызметкерлері иммигранттар жөніндегі шектеулерден және шетелдіктер ретінде тіркеуден босатылады .

16-бап

Ұйымның лауазымды тұлғаларының немесе қызметкерлерінің құжаттары мекендеу мемлекетінде кез келген уақытта және ақпарат таратушыларға қарамастан қол сұғылмайды.

17-бап

Мекендеу мемлекетінің азаматтары болып табылмайтын Ұйымның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері орналасқан тұрғын үйлер мекендеу мемлекетінде қол сұғылмайды және тінтуден, реквизициядан, тұтқындаудан және атқарушылық іс-әрекеттерден иммунитетті пайдаланады.

18-бап

Ұйымның Бас хатшысы, лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері пайдаланатын артықшылықтар мен иммунитеттер олардың жеке пайдасы үшін емес, Ұйымның мүддесінде өздерінің ресми функцияларын тиімді, тәуелсіз орындау үшін ұсынылады.

19-бап

Бас Хатшы, лауазымды тұлғалар мен олардың отбасы мүшелері тағайындалған жерге жүру кезінде мекендеу мемлекетінің аумағына кірген сәттен бастап немесе, егер олар осы аумақта болса, Бас хатшы немесе лауазымды тұлға өз міндеттерін орындауға кіріскен сәттен бастап осы Келісімде көзделген артықшылықтар мен иммунитеттерді п а й д а л а н а д ы .

Бас хатшының немесе лауазымды тұлғаның функциялары аяқталған жағдайда оның артықшылықтары мен иммунитеттері, сондай-ақ онымен бірге тұратын оның отбасы мүшелерінің артықшылықтары мен иммунитеттері, әдетте, осы адамның мекендеу мемлекетін тастап кеткен сәтінен немесе осы сәттердің қайсысы бірінші түсетіндігіне байланысты жасау үшін орынды мерзімнің аяқталуы бойынша тоқтатылады.

Бас хатшының немесе лауазымды тұлғаның отбасы мүшелерінің артықшылықтары мен иммунитеттері олар отбасы мүшелері болудан қалған жағдайда тоқтатылады. Егер осындай адамдар орынды мерзім ішінде мекендеу мемлекетін тастап кету ниетінде болса, онда олардың артықшылықтары мен иммунитеттері олар кеткен уақытқа дейін с а қ т а л а д ы .

Ұйымның Бас хатшысы немесе лауазымды тұлғасы қайтыс болған жағдайда оның бірге тұратын отбасы мүшелері олар мекендеу мемлекетін тастап кеткен сәтке дейін немесе осы сәттердің қайсысы бірінші түсетіндігіне байланысты мекендеу мемлекетін тастап кетудің орынды мерзімі аяқталғанға дейін оларға ұсынылған артықшылықтар мен иммунитеттерді пайдалануды жалғастырады.

20-бап

Осы Келісімге сәйкес артықшылықтар мен иммунитеттерді пайдаланатын барлық тұлғалар олардың артықшылықтары мен иммунитеттері үшін залалсыз түрде мекендеу мемлекетінің заңнамасын құрметтеуге міндетті. Олар сондай-ақ осы мемлекеттің ішкі істеріне араласпауға міндетті.

21-бап

Ұйымның пікірі бойынша иммунитет әділдікті жүзеге асыруға кедергі жасаған жағдайда және иммунитеттен бас тарту ол ұсынған мақсаттарға залал келтірмесе,

Ұйым оның лауазымды тұлғасының иммунитетінен бас тарта алады. Бас хатшыға қатысты иммунитеттен бас тарту құқығы Кеңеске тиесілі.

Иммунитеттен бас тарту айқын көрсетілуі керек.

III. Мүше-мемлекеттер өкілдерінің артықшылықтары мен иммунитеттері

22-бап

Мүше-мемлекеттердің өкілдері ресми функцияларды орындау кезінде және мүше-мемлекеттерде Ұйым ұйымдастыратын іс-шараларды өткізу орнына жүру уақытында мынадай артықшылықтар мен иммунитеттерді пайдаланады:

а) жеке тұтқындаудан немесе ұстаудан, сондай-ақ олардың осы ретте жасалуы мүмкін барлық іс-қимылдарына қатысты мекендеу мемлекетінің юрисдикциясынан **и м м у н и т е т т і** ;

б) тұрғын үйінің қол сұғылмаушылығы;

в) алып жүрілетін жүгін және қол жүгін, егер олардың құрамында ресми немесе жеке пайдалануына арналмаған заттар мен өзге де мүліктер, немесе әкелуі мен әкетуіне тыйым салынған немесе мүше-мемлекеттің заңнамасымен реттелетін заттар мен өзге де мүліктер жоқ деп болжауға елеулі негіздер болмаса кедендік тексерілуден босатылуы. Тексеру қажет болған жағдайда мұндай тексеру мүше-мемлекеттің аталған өкілінің немесе оның уәкілетті өкілінің қатысуымен ғана жүргізілуі тиіс;

г) иммиграция бойынша және шетелдіктер ретінде шектеулерден босатылуы.

23-бап

Мүше-мемлекеттердің өкілдері пайдаланатын артықшылықтар мен иммунитеттер оларға жеке пайдасы үшін емес, Ұйымның мүддесінде өз функцияларын тиімді, тәуелсіз орындау үшін ұсынылады.

Мүше-мемлекеттердің өкілдері мекендеу мемлекетінде ғылыми, шығармашылық және оқытушылық қызметтерді қоспағанда, жеке пайдасы немесе басқа тұлғалардың пайдасы мүддесінде коммерциялық немесе кез келген басқа қызметпен айналысуға тиіс емес.

24-бап

Мүше-мемлекеттердің өкілдері орналасқан үй-жайлар, олардың қызметтік қажеттілік үшін пайдаланып жүрген жабдықтары мен басқа да мүлігі, сондай-ақ көлік құралдары тінтуден, реквизициядан, тұтқындаудан және атқарушылық іс-әрекеттерден иммунитетті пайдаланады.

25-бап

Мүше-мемлекеттер өкілдерінің құжаттары кез келген уақытта және ақпарат таратушыға қарамастан қол сұғылмайды.

26-бап

Бағыттаушы мүше-мемлекет оның пікірі бойынша иммунитет әділ сотты жүзеге асыруға кедергі келтірген жағдайда және иммунитеттен бас тарту ол ұсынылған мақсаттарға залал келтірмесе өз өкілінің иммунитетінен бас тарта алады.

Бас тарту айқын көрсетілуі керек.

Бағыттаушы мүше-мемлекет азаматтық талапқа қатысты өз өкілінің иммунитетінен бас тартпаса, онда ол барлық күшті істің әділетті шешілуіне салады.

Мүше-мемлекеттің өкілімен істі қозғау оны негізгі талаппен тікелей байланысты кез келген қарсы талапқа қатысты юрисдикцияның иммунитетіне сілтеме жасау құқығынан айырады.

IV. Еңбек қарым-қатынастары және әлеуметтік қамтамасыз ету

27-бап

Ұйым Бас хатшысының, лауазымды тұлғаларының және қызметкерлерінің еңбек қарым-қатынастарын Ұйым реттейді.

Ұйымның техникалық және қызмет көрсету қызметкерлерінің еңбек қарым-қатынастары мекендеу мемлекетінің ұлттық заңнамасымен реттеледі.

28-бап

Ұйымның Бас хатшысына, лауазымды тұлғалары мен қызметкерлеріне және олардың отбасы мүшелеріне әлеуметтік қамтамасыз ету (сақтандыру) жөнінде жәрдемақы тағайындау және төлеу Ұйым Бас хатшысының, лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің ресми функцияларын орындау кезеңіне мекендеу мемлекетінің заңнамасымен белгіленген тәртіпте жүзеге асырылады. Бұл ретте әлеуметтік және медициналық сақтандыру қорларына аудару мекендеу мемлекетінің заңнамасына сәйкес Ұйымның бюджетінен жүргізіледі.

29-бап

Ұйымның Бас хатшысын, лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерін зейнетақымен қамсыздандыру, олар азаматтары болып табылатын мүше-мемлекеттердің заңнамасы бойынша жүзеге асырылады. Бұл ретте Ұйымның Бас хатшысы, лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері азаматтары болып табылатын мүше-мемлекеттердің тиісті қорларына мүше-мемлекеттердің заңнамасымен белгіленген зейнетақымен қамсыздандыруға аудару Ұйым бюджетінен жүргізіледі.

Ұйымның Бас хатшысына, лауазымды тұлғалары мен қызметкерлеріне зейнетақы төлеу жөніндегі шығындарды олар азаматтары болып табылатын мүше-мемлекеттер көтереді.

30-бап

Әлеуметтік қамтамасыз ету бойынша зейнетақы немесе жәрдемақы тағайындау кезінде сақтандыру немесе еңбек өтіліне олар азаматтары болып табылатын мүше-мемлекеттердің заңнамасына сәйкес Ұйымның Бас хатшысы, лауазымды тұлғасы немесе қызметкері ретіндегі жұмыс мерзімі саналады.

V. Қорытынды ережелер

31-бап

Осы Келісімді қолданумен немесе түсіндірумен байланысты даулы мәселелер мүдделі Тараптардың кеңес берулер және келіссөздер жолымен шешіледі.

32-бап

Осы Келісім бекітуге жатады және бекіту туралы соңғы жазбаша хабарламаны Бас хатшы болып табылатын депозитарийге сақтауға тапсырған күннен бастап күшіне енеді.

33-бап

Осы Келісім оған Ұйым Жарғысының 19-бабына сәйкес Ұйым мүшелігіне кіретін кез келген мемлекеттің қосылуы үшін ашылған. Осы Келісімге қосылу туралы құжаттар депозитарийге сақтауға тапсырылады.

Қосылатын мемлекет үшін осы Келісім депозитарийдің бекіту туралы жазбаша хабарламаны алған күнінен бастап күшіне енеді.

34-бап

